

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2019 жылғы 11 желтоқсан

**«Шаруашылық жүргізу құқығындағы
Қарғалы қалалық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
қасбеттерін күрделі жөндеу»
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы
бойынша мемлекеттік міндеттемелер
қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 25 қарашадағы №13 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қасбеттерін күрделі жөндеу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ж. МҰХАМБЕТПАИЗОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қасбеттерін күрделі жөндеу»
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2020-2022 жылдарға
мемлекеттік міндеттемелер**

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға:		
Функционалдың кіші топ						2020	2021	2022
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
Бағдарлама								
Атауы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
13				Басқалар	132 524,6558	44 174,8853	44 174,8853	44 174,8852
	9			Басқалар				
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	132 524,6558	44 174,8853	44 174,8853	44 174,8852
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	132 524,6558	44 174,8853	44 174,8853	44 174,8852
				соның ішінде:				
				«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қасбеттерін күрделі жөндеу»	132 524,6558	44 174,8853	44 174,8853	44 174,8852